



**М.Тынышбаев атындағы көлік инженериясы және логистика мектебі
«Көлік инженериясы» бағыты**

**6B07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану
технологиясы»**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және жіктелуі:	6B07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындық бағыттарының коды және жіктелуі:	6B071 – Инженерия және инженерлік іс
Білім беру бағдарламаларының тобы	B065 – Көлік техникасы мен технологиялары
ҰБШ бойынша деңгей:	6
СБШ бойынша деңгей:	6
Оқыту мерзімі:	4 жыл
Кредиттер көлемі:	240

Алматы 2025

6B07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы» білім беру бағдарламасы Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесінің отырысында бекітілді.

2025 жылғы «06» наурыздағы №10 хаттама

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, бекітуге ұсынылды.

2024 жылғы «20» желтоқсандағы №3 хаттама

6B07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы» білім беру бағдарламасы «6B071 – Инженерия және инженерлік іс» бағыты бойынша академиялық комитетте әзірленді.

Тегі, аты-жөні	Ғылыми дәрежесі/ғылыми атағы	Лауазымы	Жұмыс орны	Қолы
Академиялық комитет төрағасы:				
Абдуллаев С.С.	Техника ғылымдарының докторы, профессор	КИЖЛМ басшысы	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Профессор-оқытушылар құрамы:				
Камзанов Н.С.	Философия докторы (PhD)	«КИ» БББ басшысы	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Токмурзина– Коберняк Н.А.	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Ахметова Ш.Д.	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Альпеисов А.Т.	Техника ғылымдарының кандидаты	Қауымдастырылған профессор	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	
Жұмыс берушілер:				
Бекетов Т.С.	Техника ғылымдарының магистрі	Бас директор	ЖСШ«Megadrive»	
Білім алушылар				
Токарев М.Ю.	—	4 - курс студенті	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ	

Мазмұны

Қысқартулар мен белгілердің тізімі	4
1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы	5
2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері	13
3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар	15
4. Білім беру бағдарламасының паспорты	17
4.1. Жалпы мәліметтер	17
4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы	23
5. Білім беру бағдарламасының оқу жоспары	65

Қысқартулар мен белгілердің тізімі

«Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КеАҚ – «Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;
КИ – Көліктік инженерия;
БББ – Білім беру бағдарламасы;
СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы;
СОӨЖ – студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы;
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары;
ЖОО – Жоғарғы оқу орны
ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері;
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;
СРО – Сәйкестікті растау органы;
ОН – Оқу нәтижелері;
ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ (Еуразиялық экономикалық интеграцияны дамыту мақсатында құрылған халықаралық ұйым);
ТДМ – Тұрақты даму мақсаттары;
ЭЕМ – Электрондық есептеуіш машина;
КТҚЖМ – Көтеру-тасымалдау және құрылыс-жол машиналары;
ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
ПКМ – Полимерлі композициялық материалдар;
ТжКБ-техникалық және кәсіптік білім беру;
МВЖҚ-моторвагонды жылжымалы құрам

1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

6B07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы» білім беру бағдарламасы 6B071 – «Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыты бойынша локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды өндіру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласында жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама түлектерінің кәсіби қызметінің нәтижелері үшін қоғам, қоршаған орта және болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілігін терең сезінуі көзделген.

Тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыра отырып, бұл білім беру бағдарламасы тұрақты адам дамуына қол жеткізудің төрт негізгі қағидаты сақтала отырып әзірленген және Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) негізгі бағыттарын біріктіреді.

Негізгі тұрақты даму мақсаттары ретінде келесілерді бөліп көрсетуге болады:

«Сапалы білім беру» – Бағдарлама жерүсті көлік саласындағы орнықты дамуға қатысты техникалық және технологиялық міндеттерді шешу үшін қажетті тереңдетілген білім мен зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы білім беру бағдарламасы бойынша оқитын түлек өз білімін өмір бойы жалғастыру мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, алған білімін күнделікті өмірде орнықты дамуға ықпал ету мақсатында қолдана алатын болады. (ТДМ4)

«Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым» – Бағдарлама білім алушыларда келесі құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді: көлік инфрақұрылымының неғұрлым орнықты және тұрақты нысандарына көшуге айналасын ынталандыру қабілеті; экологиялық зардаптарды азайту және энергияны тиімді тұтыну үшін инновациялық технологияларды енгізу қабілеті; көлік жүйелері мен технологиялық үдерістердің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды шығарындылар мен акустикалық эмиссиялар нәтижесінде тигізетін әсерін бағалау қабілеті. (ТДМ9)

«Жауапты тұтыну мен өндіріс» – Бағдарлама білім алушыларда келесі құзыреттерді дамытуға ықпал етеді: орнықты даму мақсаттарына сәйкес техникалық, ұйымдастырушылық–экономикалық және басқарушылық шешімдер қабылдау қабілеті; орнықты өндіріс үлгілерін таратуға жәрдемдесу қабілеті. (ТДМ12)

Климаттың өзгеруіне қарсы іс-қимыл – Бағдарлама білім алушыларда келесі құзыреттерді дамытуға бағытталған: өзінің күнделікті және кәсіби қызметінің климатқа қаншалықты қауіпсіз екенін бағалау және қажет болған жағдайда оны тиісті түрде түзету қабілеті; климаттың өзгеру қаупіне ұшыраған адамдардың мүддесі үшін әрекет ету қабілеті; өзі қабылдайтын шешімдер мен шаралардың, сондай-ақ жергілікті және ұлттық деңгейдегі шешімдердің басқа адамдар мен өңірлерге ұзақ мерзімді әсерін болжау, есептеу және бағалау қабілеті. (ТДМ13)

Білім беру бағдарламасы «Темір жол көлігі» салалық біліктілік шеңбері негізінде және келесі Кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленді:

- Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды пайдалану;
- Жөндеуден кейінгі локомотивтердің сапасын тексеруді бақылау;
- Темір жол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін басқару және бақылау.

«Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу» және «Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды дайындау және өндіру» кәсіби стандарттары қазіргі уақытта әзірленбеген.

Темір жол саласындағы қызметкерлерді лауазымдық топтар бойынша бөлу Салалық біліктілік шеңберіне (СБШ) сәйкес 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Темір жол саласы қызметкерлерін лауазымдық топтар бойынша бөлу

Топ	Білім деңгейіне қойылатын талаптар	СБШ бойынша біліктілік деңгейі
Жоғары буын басшылары	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	7,8
Басшылар	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5,6,7
	ТжКБ	5
Мамандар	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5,6
	ТжКБ	4,5
Қызметшілер	Жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім	5
	ТжКБ	4,5
	Орта білім	3
Жұмысшылар	ТжКБ	4
	Орта білім	2,3

Кәсіби қызмет саласы: Теміржол көлігі, көлік техникасы және технологиялары.

Білім алушылардың кәсіби қызмет объектілері:

– Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды өндіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеумен айналысатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың құрылымдық бөлімшелері;

– Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекемелердің құрылымдық бөлімшелері;

– Инновациялық жылжымалы құрамды жобалау, дайындау және техникалық сүйемелдеу бойынша жобалық ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері;

– Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды өндіру, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу саласындағы зерттеулермен айналысатын ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері.

Кәсіби қызмет түрлері:

- Өндірістік–технологиялық;
- Ұйымдастырушылық–басқарушылық;
- Сервистік–пайдаланушылық;
- Жөндеу–технологиялық.

Кәсіби қызметтің функциялары:

1)Локомотивтерді пайдалану, жөндеу, диагностика жұмыстарын ұйымдастыру, олардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау;

2)Техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің инновациялық технологиялық үдерістерін әзірлеу және енгізу, локомотив элементтерінің сенімділігін есептеудің типтік әдістерін пайдалану;

3)Өндірістік үдерістерге басшылық жасау, өндірістік қызмет нәтижелерін, соның ішінде экологиялық көрсеткіштерді, қауіпсіздік пен энергия тиімділігін талдау;

4)Локомотивтерді қарап шығу мен жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруға және еңбек қауіпсіздігін бақылауға басшылық жасау;

5)Локомотивтерді жөндеудің барлық түрлерінің сапасын бақылау, бақылау-өлшеу құралдарының болуы, күйі және қолданылуын бақылау;

6)Техникалық қызмет көрсету мен жоспарлы жөндеу түрлерін сапалы орындауға кететін өндірістік және өндірістік емес шығындар мен ресурстарды талдау және бағалау;

7)Жаңа технологияларды әзірлеу, компьютерлік технологияларды қолдану арқылы конструкторлық және технологиялық құжаттаманы дайындау;

8)Түрлі жүктемелер жағдайында беріктік пен орнықтылықты есептеу, машиналар жобаларын құрастыру әдістері мен негіздерін пайдалана отырып әзірлеу, машина бөлшектерін дайындауға арналған материалдарды таңдау, техникалық шешімдерді негіздеу;

9)Жақсартылған экологиялық және экономикалық көрсеткіштері бар ақпараттық технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы технологиялық машиналар, локомотив немесе оның тораптары, технологиялық үдерістер, автоматтандыру құралдары бойынша техникалық тапсырмалар мен техникалық талаптарды әзірлеу;

10)Ғылым мен техниканың соңғы жетістіктеріне, қауіпсіздік талаптарына және тұрақты даму мақсаттарына сай келетін локомотивтің, оның тораптарының, агрегаттарының, жабдықтарының, технологиялық үдерістерінің, автоматтандыру және қорғау құралдарының инновациялық үлгілерін жобалау.

Кәсіби қызметтің функциялары мен негізгі құзыреттері 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Кәсіби стандарттарға сәйкес еңбек функциялары мен кәсіби дағдылары, құзыреттері

Лауазым	Еңбек функциялары	Кәсіби дағдылар / құзыреттер
1. Бас маман / қозғалыс қауіпсіздігі инженері (деңгейлер бойынша)	1. Технологиялық үдерістерді орындау кезінде қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау. 2. Анықталған бұзушылықтар мен нормативтік–техникалық құжаттарға сәйкессіздіктерді жоюды бақылау. 3. Өз учаскесіндегі қозғалыс қауіпсіздігі тәуекелдерін басқару.	1. Басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерімен өзара түсіністік пен үйлесімділікте жұмыс істеу, олардың жұмыс ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып әрекет ету. 2. Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу жағдайларының алдын алу және оларды болдырмауға бағытталған іс-шараларды әзірлеуге қатысу. 3. Қозғалыс қауіпсіздігін арттыру бойынша әртүрлі әдістерді қолдану. 4. Еңбек міндеттерін орындау барысында ақпаратты алу және/немесе беру үшін техникалық және өзге де құралдарды, соның ішінде компьютерлік, көшіру-көбейту техникасын, байланыс және коммуникация жүйелерін, дерекқорлар мен ақпараттық ресурстарды пайдалану.
2. Қозғалыс қауіпсіздігі инженері–технолог / инспектор	1. Ішкі актілерге сәйкес қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінде іс жүргізуді жүргізу. 2. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзу, жұмыс сапасыздығы немесе еңбек және орындаушылық тәртіптің сақталмауы жағдайлары бойынша материалдарды дайындау. 3. Телеграфтық нұсқаулар мен хаттамалық шешімдердің орындалуы бойынша есептерді қалыптастыру.	1. Қозғалыс қауіпсіздігі бөлімі қызметкерлерінің жіберілген құжаттарын жүйелі түрде тіркеу және есепке алу. 3. Электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы келіп түскен телеграфтық нұсқауларды, хаттамалық шешімдерді, бұйрықтарды, қызметтік хаттар мен рапорттарды қалыптастырып, вагон және локомотив деполарына жолдау. 4. Келіп түскен телеграфтық нұсқауларды, хаттамалық шешімдерді, бұйрықтар мен қызметтік хаттарды қағаз түріндегі хат-хабар арқылы

Лауазым	Еңбек функциялары	Кәсіби дағдылар / құзыреттер
		вагон және локомотив деполарына жолдау. 5. Поездардың қозғалыс қауіпсіздігі мәселелері бойынша қызметтік хат алмасуды жүргізу.
3. Локомотив депосының аға кезекшісі / Айналым локомотив депосының кезекшісі	1. Барлық депо кезекшілерінің жұмысын басқару. 2. Техникалық қызмет көрсетуден өткен локомотивтерді уақытылы беруін бақылау. 3. Локомотивтерді техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қоюды, пойыздарға беруді ұйымдастыру. 4. Кезекшілік–тәуліктік жоспарды орындау бойынша ақпараттық-талдамалық автоматтандырылған жүйелерде жұмыс істеу. 5. Машинистің маршруттық парағын ресімдеу. 6. ТУ–1 нысанындағы үстел журналын жүргізу.	1. Депо кезекшілерінің ауысымдық–тәуліктік жоспарды орындауын ұйымдастыру бойынша шешімдер қабылдау. 2. Ауысымдық–тәуліктік жоспардың орындалу деректерін талдау. 3. Ауысымдық–тәуліктік жоспарды орындауды ұйымдастыруға арналған ақпараттық–талдамалық автоматтандырылған жүйелерде жұмыс істеу. 4. Локомотив (моторвагондық) жылжымалы құрамын жұмыс түрлері бойынша бөлу. 5. Локомотивтерді (МВЖҚ) техникалық қызмет көрсету мен жөндеуден шығаруды ұйымдастыру жөнінде шешімдер қабылдау. 6. ТУ–1 нысанындағы үстел журналын жүргізуді бақылау. 7. Локомотивтердің (МВЖҚ) қолжетімділігі мен жай-күйі, сондай-ақ локомотив бригадаларының жұмысы туралы ақпаратты талдау (салыстыру). 8. Қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы деңгейді арттыруға бағытталған түрлі әдістерді қолдану. 9. Локомотив жабдықтарының барлық ақау түрлерін ажырата білу.
4. Локомотив бригадаларының жылу технигі–инженері	1. Тарту процесінде пайдаланылатын отын-энергетикалық ресурстардың (ОЭР) техникалық шығын нормаларын әзірлеу. 2. «Энергодиспетчерлік тарту» автоматтандырылған басқару жүйесімен (АСУЭДТ) жұмыс жүргізу. 3. Құжаттамаларды дайындау.	1. Әртүрлі локомотив сериялары мен қызмет көрсетілетін учаскелерді ескере отырып, тарту есебін жасау. 2. Тепловоздардағы дизель отынының және электровоздардағы электр энергиясының нақты шығынын анықтау.

Лауазым	Еңбек функциялары	Кәсіби дағдылар / құзыреттер
		3. Поездардың тартуына арналған энергия ресурстарының шығын нормаларын әзірлеу. 4. Белгілі бір учаске бойынша поездарды жүргізу режимін анықтау. 5. Компьютерлік графикалық бағдарламаларды еркін пайдалану. 6. АСУЭДТ жүйесіндегі дабыл сигналдарының іске қосылуы бойынша ақпаратты өңдеу. 7. Поездарды тартуға жұмсалатын отын-энергетикалық ресурстардың шығынына талдау жасау. 8. Отын-энергетикалық ресурстарды үнемдеу және тиімді пайдалану бойынша басшылыққа ұсыныстар әзірлеу және негіздеу.
5. Локомотив депосының қор базасының бастығы	1. Локомотивтерді ұзақ мерзімді сақтауға консервациялау бойынша жұмыстардың уақтылы және сапалы орындалуын ұйымдастыру. 2. Жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігін сақтауын бақылау.	1. Локомотивтерге техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттыру бойынша шешімдер қабылдау. 2. Локомотивтерге техникалық қызмет көрсетуді (ТҚ) ұйымдастыруда озық тәжірибелерді енгізу. 3. Жөндеу жұмыстарын орындау кезінде материалдарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету. 4. Локомотивтерге (моторвагондық жылжымалы құрамға) техникалық қызмет көрсету бойынша білімді меңгеруге қажетті әдістемелік көмек көрсетіп, материалды қолжетімді түрде түсіндіру.
6. Жетекші инженер – локомотивтер жөндеуін бақылау бөлімі	1. Табандар мен бандаждардың тозуын бақылау жұмыстарын жүргізу. 2. Орталық аппаратқа есептік құжаттарды тапсыру.	1. Дөңгелек-мотор блогының шығару жұмыстарын талдау. 2. Дөңгелек жұптарындағы бандаждардың күйін талдау. 3. Техникалық есептеу орталығына (ТЕО) есептерді ұсыну. 4. Локомотивтерге жүргізілген техникалық (сервистік) қызмет көрсету сапасын бақылау.

Лауазым	Еңбек функциялары	Кәсіби дағдылар / құзыреттер
		5. Локомотивтерді жоспардан тыс жөндеуге қабылдау/қою сапасын арттыру мақсатында деректерді талдау.
7.Локомотивтерді қабылдаушы (локомотив депосының) / Аға қабылдаушы	1. Локомотивтерді қабылдаушылардың өндірістік және еңбек тәртібін сақтауын бақылау. 2. Күзгі және көктемгі комиссиялық тексерулерге қатысу. 3. Локомотивтерді жөндеу және техникалық қызмет көрсету сапасын бақылау. 4. Жөндеуден және техникалық қызмет көрсетуден кейін локомотивтерді, моторвагондық жылжымалы құрамды, вагондарды, тораптар мен жабдықтарды қабылдау. 5. Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды жөндейтін ұйымдарға инспекциялық бақылау жүргізу. 6. Атқарылған жұмыстардың нәтижелерін талдау.	1. Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамға жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының орындалуын бақылау үшін бақылау құралдары мен әдістерін таңдау. 2. Локомотивтер мен моторвагондық жылжымалы құрамды жөндеу және техникалық қызмет көрсету мерзімдерінің нормативтік құқықтық және жергілікті актілерге сәйкес сақталуын тексеру, қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау. 3. Локомотивтерге (моторвагондық жылжымалы құрамға), тораптар мен жабдықтарға жөндеу және техникалық қызмет көрсету барысында параметрлерді тексеру және шаралар қабылдау. 4. Локомотивтерге (моторвагондық жылжымалы құрамға), тораптар мен жабдықтарға жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарының орындалуын бақылау. 5. Барлық жөндеу және техникалық қызмет көрсету түрлерінен кейін локомотивтердің (моторвагондық жылжымалы құрамның), тораптар мен жабдықтардың пайдалануға жарамдылығын тексеру және меншік иесінің инфрақұрылымына шығуына рұқсат беру бойынша шешімдер қабылдау, қажет болған жағдайда түзету шараларын енгізу. 6. Локомотивтерді (моторвагондық жылжымалы құрамды) жөндеу және

Лауазым	Еңбек функциялары	Кәсіби дағдылар / құзыреттер
		техникалық қызмет көрсету жұмыстарының орындалу нәтижелері, сондай-ақ олардың қабылдануы (инфрақұрылымға жіберілуі) бойынша деректерді жинақтап, талдау жүргізу. 7. Локомотивтерді (моторвагондық жылжымалы құрамды), тораптар мен жабдықтарды қабылдау (инфрақұрылымға шығару) барысында анықталған ақаулардың себептерін талдау және оларды болдырмау мен жою бойынша ұсыныстар әзірлеу (түзету шараларын қабылдау).

2. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

БББ мақсаты: Локомотивтерді жобалаудың, дайындаудың, пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және пайдаланудың жаңа технологиялары негізінде білікті жұмысты жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық құзыреттерді меңгерген, қоғам, қоршаған әлем және кейінгі ұрпақ алдындағы өзінің кәсіби қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті сезінетін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау

Білім беру бағдарламасының міндеттері

1. Әртүрлі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары саласындағы білімдер мен қызығушылықтарға ие тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі мен кәсіби тұрғыдан өсу қабілетін қалыптастыру.

2. Тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуге ықпал ететін инженерлік шешімдерді іске асыруға қажетті практикалық дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.

3. Қоршаған ортаны орнықты және тұрақты көлік инфрақұрылымына көшуге ынталандыруға дайындықты қалыптастыру.

4. Өмір бойы білім алуға және алынған білімді күнделікті өмірде тұрақты дамуға жәрдемдесу мақсатында қолдануға дайын болуды қалыптастыру.

5. Көлік жүйелері мен технологиялық процестердің адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды шығарындылар мен акустикалық эмиссиялар арқылы әсерін бағалау қабілетін дамыту.

6. Климаттың өзгеру қаупі төніп тұрған адамдар мүддесінде әрекет ету қабілетін қалыптастыру.

7. Жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан қайта қарау, қажет болған жағдайда кәсіби қызмет бағытын өзгерту, өз мамандығының тұрақты даму мақсаттарына жетудегі әлеуметтік маңыздылығын түсіну, кәсіби қызметке жоғары мотивацияны қалыптастыру.

8. Локомотивтерді пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету барысында табиғи ресурстарды, энергия мен материалдарды үнемді және қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

9. Мүдделі тараптар арасындағы өзара байланыстар мен тәуелділіктерді, сондай-ақ бизнестің сыртқы ортаға әсер етуін түсіну қабілетін дамыту.

10. Ұйымның тұрақтылық көрсеткіштерін жақсарту жолдарын, сондай-ақ ұзақ мерзімді нәтижелерге, мүдделер тепе-теңдігіне және қоғам мен бизнестің әл-ауқатына қол жеткізу үшін ұйым мен бизнес-модельді бейімдеу жолдарын түсінуді қалыптастыру.

11. Қысқа және ұзақ мерзімді жоспарлау кезінде шығын, сапа, қауіпсіздік және орындау мерзімі талаптары арасындағы тепе-теңдікті табу қабілетін қалыптастыру; локомотивтер мен олардың агрегаттары, жүйелері және

элементтерін пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласында оңтайлы шешімдер қабылдау қабілетін дамыту; ойлау мәдениетін меңгеру.

12. Ақпаратты талдау, жалпылау, мақсат қою және оған жету жолдарын таңдауға қабілеттілікті қалыптастыру.

13. Локомотивтерді жасау және жаңғырту бойынша жобалық-конструкторлық құжаттамаларды әзірлеуге, есептік-жобалау жұмыстарын орындауға, техникалық құжаттамалар мен әдістемелік материалдарды, сондай-ақ локомотивтерді жасау мен жаңғыртуға арналған ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеуге дайындықты қалыптастыру.

14. Локомотивтер мен олардың агрегаттары, жүйелері және элементтерін пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласындағы қабылданатын шешімдерді кешенді түрде негіздеу, технико-экономикалық талдау жүргізу қабілетін, практикалық нәтижелерді қолдану, өзін-өзі дамытуға, кәсіби біліктілігін және шеберлігін арттыруға ұмтылуды қалыптастыру.

3. Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

6B07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы» білім беру бағдарламасы барлық білім алушылардың кәсіби қызметке қажетті жоспарланған оқу нәтижелеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

ОН-ін бағалаудың негізгі қағидаттары

- ақпарат ұсынудағы объективтілік, шынайылық және ашықтық;
- оқыту мен білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталу;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау құралдарының Мемлекеттік және пәндік стандарттарда анықталған оқу нәтижелеріне сәйкестігі;
- ақпарат ұсынудағы объективтілік, шынайылық және ашықтық (қайталанып берілген);
- білім алушылардың білім беру жетістіктеріне қойылатын нормалар, талаптар мен көрсеткіштердің олардың қабілеттеріне, қызығушылықтарына, әлеуметтік сұраныстарына және тұлғаны дамыту талаптарына сәйкестігі;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың аралық және қорытынды нәтижелерін жүйелі түрде талдау;
- бағалау жүргізу кезінде негізгі этикалық нормаларды сақтау.

ОН-ін өлшеу үшін үш түрлі бағалау түрі қолданылады: диагностикалық, формативті және суммативті бағалау.

Диагностикалық бағалау білім алушының ілгерілеуін бағалау үшін қолданылады — оқу семестрі барысында оқытушы білім алушының құзыреттіліктерінің бастапқы деңгейін қол жеткізілген нәтижелермен салыстырады. Диагностикалық бағалау нәтижелері оқыту процесіне түзету енгізуге, оқытушы үшін оқыту міндеттерін және білім алушы үшін оқу мақсаттарын нақтылауға негіз болады.

Формативті бағалау білім алушының материалды меңгеруінің жеке ерекшеліктерін (жұмысты орындау қарқыны, тақырыпты меңгеру тәсілдері және т.б.) ескере отырып, оның ілгерілеуін анықтау және табысқа жетуге арналған ұсынымдар беру мақсатында қолданылады. Оқытушы формативті бағалауды оқу барысын уақытылы түзету, жоспарлауға өзгеріс енгізу үшін қолданады, ал білім алушы — өз жұмысының сапасын жақсарту үшін пайдаланады.

Білім алушының ілгерілеуі – бұл нақты жұмыс нәтижелері негізінде, білім беру салаларындағы оқу мақсаттарында белгіленген нәтижелерге қол жеткізу дәрежесі ретінде анықталады. Электрондық журналда оқытушы білім алушының жеке ілгерілеуін бақылау нәтижелерін баға түрінде тіркейді.

Суммативті бағалау білім алушының әрбір оқу кезеңінде жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу дәрежесін анықтауға қызмет етеді және ол ағымдық, аралық және қорытынды бағалаудан тұрады.

Ағымдық бағалау – білім алушының жеке орындаған тапсырмаларын

бағалау бағалау нормаларына (дұрыс шешімдер саны, жіберілген қателер саны, рәсімдеу ережелерінің сақталуы және т.б.) және нақты жұмысқа арналған бағалау критерийлеріне сүйене отырып жүзеге асырылады. Бұл критерийлер оқытушы және/немесе білім алушылардың өздерімен бірге белгіленеді. Оқытушы бұл бағалауды білім алушының оқу материалын меңгеру ерекшеліктерін ескере отырып жүргізеді.

Аралық бағалау силлабуста көрсетілген жұмыс түрлері негізінде жүзеге асырылады: жазбаша жұмыстар/дереккөздермен жұмыс; ауызша жауап/презентация; жоба, зерттеу жұмысы, арнайы жұмыс түрлері; портфолио (жетістіктер папкасы) және т.б. Барлық жұмыс түрлері алдын ала бағалау жоспарын әзірлеу кезінде мұғалім тарапынан жоспарланып, міндетті түрде бағалау критерийлеріне сүйене отырып бағаланады.

Қорытынды бағалау академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі және жазбаша түрде, қолданыстағы нормалар мен әзірленген бағалау критерийлеріне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Білім беру бағдарламасының паспорты

4.1. Жалпы мәліметтер

№	Өріс атауы	Ескертпе
1	Білім беру саласының коды және жіктемесі	6B07 – Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
2	Дайындық бағыттарының коды және жіктемесі	6B071 – Инженерия және инженерлік іс
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	B065 – Көлік техникасы мен технологиялары
4	Білім беру бағдарламасының атауы	6B07124 – Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы
5	Білім беру бағдарламасының қысқаша сипаттамасы	6B07124 – Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы білім беру бағдарламасы» локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды өндіру, пайдалану және техникалық қызмет көрсету саласында жоғары білікті мамандарды даярлауды көздейді. Білім беру бағдарламасы «Теміржол көлігі» саласы бойынша Салалық біліктілік шеңбері негізінде және келесі Кәсіби стандарттарға сәйкес әзірленген: – Локомотивтер мен моторвагонды жылжымалы құрамды пайдалану; – Теміржол көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін басқару және бақылау. Бағдарлама ТДМ 4, 9, 12 және 13 (Тұрақты даму мақсаттары) академиялық қолдау мақсатында жаңартылды.
6	БББ мақсаты	Локомотивтерді жобалаудың, дайындаудың, пайдаланудың, техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің және пайдаланудың жаңа технологиялары негізінде білікті жұмысты жүзеге асыру үшін қажетті теориялық және практикалық құзыреттерді меңгерген, қоғам, қоршаған әлем және кейінгі ұрпақ алдындағы өзінің кәсіби қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілікті сезінетін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау
7	БББ түрі	Жаңа БББ
8	ҰБШ бойынша деңгей	6
9	СБШ бойынша деңгей	6
10	БББ айрықша ерекшеліктері	Қосдипломды БББ
11	Білім беру бағдарламасы құзыреттерінің тізбесі:	Жалпы құзыреттер: ЖҚ1 – кең дүниетанымы мен ойлау мәдениеті қалыптасқан, жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік-гуманитарлық пәндер саласындағы базалық білімдерге ие болу.

№	Өріс атауы	Ескертпе
		ЖҚ2 – заманауи техникамен жұмыс істеу дағдыларына ие болу, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білу. ЖҚ3 – күнделікті кәсіби қызмет пен магистратурада білімін жалғастыру үшін қажетті жаңа білімдерді меңгеру дағдыларын игеру. ЖҚ4 – дүниетанымдық мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдай және түсіне білу, мәдени мұраларды өз бетінше меңгеру, логикалық тұрғыдан сауатты және дәлелді ойлау, сондай-ақ ауызша және жазбаша сөйлеуді дұрыс құрастыру. ЖҚ5 – өзін-өзі тануға, өзінің артықшылықтары мен әлсіз жақтарын сыни тұрғыда бағалауға, адамгершілік және физикалық тұрғыдан жетілуге, кәсіби және азаматтық белсенділікке жоғары мотивация танытуға қабілетті болу. ЖҚ6 – қазақ және орыс тілдерінде кәсіби деңгейде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға қабілетті болу; кәсіби міндеттерді орындау үшін қажетті деңгейде шет тілін білу. ЖҚ7 – компанияның іскерлік, әлеуметтік және экологиялық құндылығын арттыру мақсатында ұйымдық және жүйелік деңгейде инновациялық бизнес-модельдерді әзірлеу және қолдана білу. ЖҚ8 – қалыптасқан процедуралар мен әдістерге сыни баға беру, үдерістерді, өнімдер мен қызметтерді жетілдіру мүмкіндіктерін анықтау және іске асыру, қосымша іскерлік және әлеуметтік құндылық құру, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту қабілетін дамыту. ЖҚ9 – ұйымның тұрақтылық көрсеткіштерін жақсарту әдістерін кәсіби қызметте түсіну және қолдану, ұйым мен бизнес-модельді ұзақ мерзімді нәтижелерге, мүдделер тепе-теңдігі мен қоғам мен бизнестің игілігіне бейімдеу жолдарын меңгеру. ЖҚ10 – тұрақты дамудың негізгі тұжырымдамаларын, көлік кәсіпорындарының қызметінің тікелей және жанама әлеуметтік-экологиялық салдарын білу. Кәсіби құзыреттер: КҚ1 – Математика, физика, инженерлік графика пәндерінің негізгі бөлімдерін білу; кәсіби пәндерді меңгеруге қажетті базалық білімдерге ие болу. КҚ2 – Іргелі және қолданбалы білімдердің кең әрі терең жиынтығына ие болу және оларды инженерлік қызметтің практикалық негізі ретінде пайдалана білу; кәсіби қызмет саласында үздік инженерлік тәжірибелерді қолданып, көлік құралдарының қоршаған орта мен халықтың өмір сүру сапасына теріс әсерін азайтуға ұмтылу.

№	Өріс атауы	Ескертпе
		КҚ3 – Іргелі және инженерлік білімдерді ұлттық ерекшеліктерді, техникалық стандарттар мен кәсіби нормативтерді, оның ішінде экологиялық талаптарды ескере отырып қолдануға дайын болу. КҚ4 – Күрделі инженерлік міндеттерді қоя білуге, зерттеуге және талдауға дайын болу; қажетті ақпаратты бағалай және іріктей білу; күрделі инженерлік міндеттерді талдау үшін қажетті теориялық және практикалық әдістерді қолдана білу. КҚ5 – Күрделі инженерлік мәселелерді, соның ішінде көлік саласындағы тұрақты даму міндеттерін шешуде теориялық, практикалық әдістерді және озық инженерлік идеяларды қолдана білу. КҚ6 – Күрделі инженерлік қызмет нәтижелерінің және салдарының маңыздылығын бағалай білу, осы қызметтің әлеуметтік, мәдени және экологиялық салдары үшін жауапкершілік алу. КҚ7 – Қажет болған жағдайда әдіснамалық және зерттеу сипатындағы мәселелерді шеше білуге дайын болу; күрделі инженерлік міндеттерді ақпараттың жеткіліксіздігі мен қарама-қайшы талаптар жағдайында шешу үшін шешімдер әзірлеуге және қабылдауға қабілетті болу, бұл ретте парасаттылықты басшылыққа алу. КҚ8 – Бір немесе бірнеше күрделі инженерлік қызмет түрін ішінара немесе толық басқаруға дайын болу; сапа мен қауіпсіздікті, пайдалануға жарамдылықты қамтамасыз ететін білімді, техникалық ақпараттар мен статистиканы қолдана білу. КҚ9 – Қоршаған ортаға теріс әсерді азайту мақсатында күрделі инженерлік қызметті жүргізу кезінде шешімдер қабылдау жауапкершілігін өз мойнына алуға дайын болу. КҚ10 – Кәсіби қызмет барысында қолжетімді құралдармен техникалық диагностика жүргізе білу және локомотивтің техникалық жай-күйін немесе жөндеу сапасын бағалай білу. КҚ11 – Өзінің функционалдық міндеттерін орындау, стратегиялық және жедел шешімдер қабылдау барысында тұрақты даму қағидаттарын қолдана білу. КҚ12 – Локомотивтерді жасау және жаңғырту бойынша жобалық-конструкторлық құжаттамаларды әзірлеуге; есептік-жобалау жұмыстарын орындауға; техникалық құжаттамалар мен әдістемелік материалдарды, ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлеуге дайын болу.

№	Өріс атауы	Ескертпе
		КҚ13 – Локомотивтер мен олардың агрегаттарын, жүйелері мен элементтерін пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету саласындағы шешімдерді кешенді түрде негіздей білуге, технико-экономикалық талдау жүргізуге; нәтижелерді тәжірибеде қолдануға, өзін-өзі дамытуға, кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыруға дайын болу. КҚ14 – Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы қиындықтарды жою үшін инновациялар мен жаңа технологияларды әзірлеу және қолдану, цифрлық сауаттылық дағдыларын меңгеру және жаңа технологияларды пайдалану саласындағы құзыреттілікті үнемі жетілдіру арқылы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салада оң өзгерістер енгізуге қабілетті болу. КҚ15 – Көлік нысандарын жобалау үшін отандық және шетелдік бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде автоматтандырылған жобалау жүйелерін қолдана білу. КҚ16 – Кәсіби салада сапа мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу кезінде метрологиялық қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерін қолдана білу. КҚ17 – Әртүрлі гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми білімдер мен қызығушылықтарға ие бола отырып, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге қабілетті болу. КҚ18 – Жинақталған тәжірибені сыни тұрғыдан қайта қарастыра білу, қажет болған жағдайда өзінің кәсіби қызметінің бейінін өзгерту, болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын сезіну, кәсіби қызметке, соның ішінде тұрақты даму мақсаттарын қолдауға жоғары мотивацияны иелену. КҚ19 – Ұйымның тұрақтылық көрсеткіштерін жақсарту әдістерін кәсіби қызметте түсіну және жүзеге асыру, ұйым мен бизнес-модельді ұзақ мерзімді нәтижелерге, мүдделер тепе-теңдігіне және қоғам мен бизнестің игілігіне бейімдей білу. КҚ20 – Ақпаратты қабылдау, талдау, жалпылау, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтау қабілетіне ие болу, соның ішінде көлік саласында тұрақты даму міндеттерін шешу үшін.
12	Білім беру бағдарламасын оқыту нәтижелері:	ОН 1: Кәсіби қызмет пен коммуникацияны, оның ішінде шет тілдерінде іске асыру кезінде бүгінгі қоғамдағы рухани процестерді, тараптардың тұлғааралық және заңды мүдделерін ескере отырып, әлеуметтік-этикалық нормаларды қолдану

№	Өріс атауы	Ескертпе
		ОН 2: Механика заңдары негізінде машиналардың, конструкциялардың және конструкция элементтерінің орнықтылығының, сенімділігінің және орнықтылығының инженерлік есептерін шешу. ОН 3: Механикаландыру, диагностика және автоматтандыру құралдарын қолдана отырып, локомотивтердің бөлшектері мен тораптарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және диагностикалаудың технологиялық процесін құру. ОН 4: Локомотив шаруашылығы кәсіпорындарында зиянды және қауіпті факторларды талдау негізінде тіршілік қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғауды және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу ОН 5: Көлік саласының барлық салаларында заманауи есептеу техникасының, бағдарламалық қамтамасыз етудің жетістіктерін қолдану. ОН 6: Жылжымалы құрам компоненттерінің техникалық жай-күйі мен параметрлерін олардың конструкцияларын және отын-энергетикалық ресурстарды (ОЭР) тұтыну нормаларын, техникалық сипаттамаларын оңтайландыру, қауіпсіздікті, экологиялық және техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсарту мақсатында бағалау. ОН 7: Көліктің тұрақтылығын арттыру үшін темір жол көлігі инфрақұрылымының объектілерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде локомотивтердің қауіпсіз жұмыс істеуін және отынның тиімділігін қамтамасыз ету үшін локомотивтерді пайдалану өлшемдеріне талдау жүргізу. ОН 8: Көлік техникасының модельдерін, жүйелері мен объектілерін құру, әзірлеу және жетілдіру процестерін сипаттау үшін жаратылыстану-ғылыми пәндер мәліметтерін бейімдеу.. ОН 9: Тұрақты даму мақсаттары негізінде техникалық, ұйымдастырушылық-экономикалық, басқарушылық шешімдер қабылдау ОН 10: Перспективті технологияларды талдау негізінде жылжымалы құрамда электрлік және электрондық жабдықтардың практикалық қолданылуын талдау. ОН 11: Нормативтік-техникалық құжаттар, Техникалық және экологиялық стандарттар негізінде диагностиканың заманауи әдістері мен құралдарын пайдалана отырып, жылжымалы құрамның бөлшектері мен тораптарының сенімділік көрсеткіштерін бағалау.

№	Өріс атауы	Ескертпе
		ОН 12: Экологиялық зардаптарды және энергияны тиімді тұтынуды азайту үшін инновациялық технологияларды енгізу. ОН 13: Зиянды шығарындылар мен акустикалық эмиссияның бөлінуіне байланысты көлік жүйелері мен технологиялық процестердің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға әсерін бағалау.
13	Оқыту түрі	Күндізгі
14	Оқу мерзімі	4 жыл
15	Кредиттер көлемі	240
16	Оқыту тілдері	Қазақ, орыс, ағылшын
17	Берілетін академиялық дәреже	6В07124 – «Локомотивтерді жасау, жөндеу және пайдалану технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры
18	Әзірлеушілер мен авторлар:	Камзанов Н.С., Токмуризна–Коберняк Н.А. жұмыс беруші: Бекетов Т.С. білім алушы: Токарев М.Ю.

4.2. Білім беру бағдарламасы мен оқу пәндері бойынша қалыптасқан оқыту нәтижелеріне қол жеткізудің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
Жалпы білім беретін пәндер циклі																
Міндетті компонент																
1	Шетел тілі	Ағылшын тілі - жалпы білім беру циклдің пәні. Диагностикалық тестілеу нәтижелері немесе IELTS нәтижелері бойынша білімгерлер топтар мен пәндерге орнығады. Пәннің атауы ағылшын тілінің деңгейіне сәйкес келеді. Деңгейден деңгейге ауысқан кезде, пререквизиттер мен постреквизиттер сақталады.	10	v												
2	Қазақ (орыс) тілі	Қазақ (орыс) тілі Қазіргі қазақ (орыс) тілінің функционалдық стильдері және қатысымның әлеуметтік-мәдени, қоғамдық-саяси салалары қарастырылады. Курс студенттердің кәсіби қатысымдық біліктері мен дағдыларын дамыту және белсендіру мақсатындағы ғылыми стильдің ерекшелігін	10	v												

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		сипаттайды. Сонымен қатар студенттердің ғылыми стильдің негіздерін практикалық тұрғыдан меңгеруіне және мәтінге құрылымдық-семантикалық талдау жасау іскерлігін дамытуына мүмкіндік береді.														
3	Дене шынықтыру	Пәннің мақсаты кәсіптік білім беру жүйесі шеңберінде салауатты өмір салтын қалыптастыру нысандары мен әдістерін меңгеру болып табылады. Дене тәрбиесінің жаратылыстану-ғылыми негіздерімен танысу, заманауи сауықтыру технологияларын, дене шынықтыру және спортпен өзіндік айналысудың негізгі әдістемелерін меңгеру. Сонымен қатар курс аясында студент спорттың барлық түрлері бойынша төрешілік ережелерін меңгереді.	8	v												
4	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Пәнді оқудың міндеті: ақпараттық процестер, жаңа ақпараттық технологиялар, жергілікті және ғаламдық компьютерлік желілер, ақпаратты қорғау әдістері	5					v								

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		туралы теориялық білім алу; мәтіндік редакторлар мен кестелік процессорларды қолдану дағдыларын игеру; мәліметтер базасын және қолданбалы бағдарламалардың әртүрлі санаттарын құру.														
5	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты: Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі негізгі кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру; студенттерді мемлекеттілік пен тарихи-мәдени үдерістердің қалыптасуы мен дамуы мәселелерімен таныстыру; студент бойында гуманистік құндылықтар мен патриоттық сезімдерді қалыптастыруға ықпал ету; студенттің алған тарихи білімін оқуда, кәсіби және күнделікті өмірде пайдалана білуге үйрету; Қазақстанның дүниежүзілік тарихтағы рөлін бағалау.	5	v												
6	Философия	Пәннің мақсаты – студенттерге дүниені тану және рухани игеру тәсілі ретінде философияның	5	v												

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		теориялық негіздерін; іргелі білімге деген қызығушылықтарын дамыту, тарихи оқиғалар мен шындық фактілеріне философиялық баға беру қажеттілігін ынталандыру, философиялық және жалпы ғылыми әдістерді қолдану дағдыларының алуан түрлілігін мойындай отырып, әлемдік тарихи-мәдени процестің бірлігі идеясын меңгеру және кәсіби қызметтерінде қолдана білу.														
7	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану)	Пәндердің міндеттері студенттерге қоғамды әлеуметтанулық талдау, әлеуметтік қауымдастықтар және тұлға, әлеуметтік дамудың факторлары мен заңдылықтары, өзара әрекеттесу формалары, әлеуметтік процестердің түрлері мен бағыттары, әлеуметтік мінез-құлықты реттеу нысандары, сондай-ақ әлеуметтік қоғамдастықтар туралы түсінік беру болып табылады, сондай-ақ қоғамдық-саяси процестерді түсінуге, саяси мәдениетті	3	v												

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		қалыптастыруға, тұлғалық ұстанымды дамытуға және өз жауапкершілігінің көлемін нақтырақ түсінуге теориялық негіз болатын бастапқы саяси білім; қоғам мүддесі үшін әрекет етуге, жеке жауапкершілікті қалыптастыруға және жеке табысқа жетуге қажетті саяси, құқықтық, моральдық, этикалық және әлеуметтік-мәдени нормаларды меңгеруге көмектесу.														
8	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (мәдениеттану, психология)	Пәндердің мақсаты – материалдық және рухани құндылықтарды жасайтын адамдардың мәдени шығармашылық қызметінің нақты процестерін, мәдени дамудың негізгі тенденциялары мен заңдылықтарын, мәдени дәуірлердегі өзгерістерді, әдістер мен стильдерді, олардың адамның қалыптасуы мен қоғам дамуындағы рөлін анықтау, сонымен қатар тұлғааралық қарым-қатынасты, қоғамдағы әлеуметтік бейімделуді тиімді	5	v												

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		ұйымдастыру үшін олардың кәсіби қызмет саласында психологиялық білімді меңгеру.														
Жалпы білім беретін пәндер циклі																
Таңдау компоненті																
9	Ғылыми зерттеу әдістерінің негіздері	Мақсаты: студенттердің ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту; студенттерді ғылыми білімге баулу, олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мен қабілеті болып табылады. Мазмұны: білім алушылардың қолда бар теориялық білімдерін тереңдетуге және бекітуге ықпал ету; ғылыми зерттеулер жүргізуде, алынған нәтижелерді талдауда және ұсынымдарды әзірлеуде практикалық дағдыларды дамыту; ақпарат көздерімен және тиісті бағдарламалық-техникалық құралдармен өз бетінше жұмыс істеуде әдістемелік дағдыларды жетілдіру.	5					v			v					
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен	Мақсаты: студенттердің қоғамдық және жеке	5	v												

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
	құқық негіздері	құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік құбылыс ретінде білім жүйесін және азаматтық ұстанымды қалыптастыру. Мазмұны: қазақстандық қоғамның әлеуметтік-экономикалық қатынастарын жетілдіру, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, түрлі салалардағы сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік.														
11	Экономика және кәсіпкерлік негіздері	Мақсат: Экономикалық үдерістер туралы базалық білім мен кәсіпкерлік қызметті жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Мазмұны: Пән экономикалық ұғымдарды, сұраныс пен ұсыныс, нарықтық тепе-теңдік сияқты түсініктерді талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сонымен қатар, бизнес құру	5	v								v				

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		және басқару негіздері, бизнес-жоспарларды әзірлеу, тәуекелдерді бағалау және стратегиялық шешімдер қабылдау қамтылады..														
12	Экология және тіршілік қауіпсіздігі	Мақсаты: экологиялық білім мен сананы қалыптастыру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың және қоршаған ортаны қорғаудың заманауи әдістері бойынша теориялық және практикалық білім алу. Мазмұны: экологияның ғылым ретіндегі міндеттерін, табиғи жүйелердің жұмыс істеу заңдылықтарын және еңбек қызметі жағдайындағы экологиялық қауіпсіздік аспектілерін зерттеу, Қоршаған ортаны бақылау және оның қауіпсіздігі саласындағы басқару, экологиялық проблемаларды шешу жолдары, техносферадағы тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар.	5				v									v
13	Қаржылық сауаттылық негіздері	Мақсаты: алынған білім мен оларды практикалық қолдану арасында тікелей байланыс	5	v								v				

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12	ОН 13
		құру негізінде білім алушылардың қаржылық сауаттылығын қалыптастыру. Мазмұны: қаржыны басқару саласындағы барлық құралдарды іс жүзінде пайдалану, жинақтарды сақтау және көбейту, бюджетті сауатты жоспарлау, салықтарды есептеу, төлеу және салық есептілігін дұрыс толтыру бойынша практикалық дағдыларды алу, қаржылық ақпаратты талдау, барабар инвестициялық стратегияларды таңдау үшін қаржы өнімдерінде бағдарлау.														
Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті																
14	Математика I	Мақсаты: студенттерді сызықтық алгебра, Аналитикалық геометрия және Математикалық талдаудың негізгі ұғымдарымен таныстыру. Пәннің типтік және қолданбалы міндеттерін шешу қабілетін қалыптастыру. Мазмұны: сызықтық алгебра, векторлық Алгебра және Аналитикалық	5								v					

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)												
